

Роза Бисенова

Экономика саласының білікті мамандарын даярлауға зор үлес қосқан ұстаздардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қаржы, есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы, экономика және бизнес магистрі Роза Бисенова.

Роза Аяшқызы 2012 жылы Шотландиядағы Роберт Гордон университетінде «Белсенді оқыту әдістері» курсына қатысып, біліктілігін арттырды.

2016 жылдан бастап ол оқу процесін ағылшын тілінде жүргізіп келеді.

2017 жылы көптілді топ студенттеріне арналған «Financial markets and Intermediaries» оқу құралын, сонымен қатар «Валютная система и валютные отношения», «Валюталық жүйе және валюталық қатынастар» оқулықтарын дайындады.

Роза Аяшқызының шетелдік және республикалық басылымдарда 40-тан астам ғылыми мақаласы жарық көрді.

Ұстаз ҚР Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 70 және 75 жылдық мерекелік медальдарымен, «Қорқыт Ата Алтын медалімен» марапатталған.